

**"Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Арал аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 167 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2015 жылғы 05 мамырдағы N 233 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 мамырда N 4991 болып тіркелді.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Арал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Арал аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 167 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4668 нөмірімен тіркелген, аудандық "Толқын" газетінің 2014 жылғы 21 мамырдағы № 36 жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

2- тармақтың 8)-тармақшасы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"8) уәкілетті орган - жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын "Арал аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;"

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Арал аудандық мәслихатының  
кезектен тыс отыз жетінші  
сессиясының төрағасы*

*Ж. Жалғасбеков*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*"Қызылорда облысының  
жұмыспен қамтуды үйлестіру  
және әлеуметтік бағдарламалар  
басқармасы" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы*

*Арал аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*К. Данабай*

\_\_\_\_\_ Ж. ЖЫЛКЫШИЕВА  
"05" мамыр 2015 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК